



Акушерлік және гинекология кафедрасы

044-34/

Жұмыс оқу бағдарламасы

1стр. из 12

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		044-34/
Жұмыс оқу бағдарламасы		1стр. из 12

«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ

жанындағы медицина колледжі

« Бекітемін»

Медицина колледжінің директоры

М.А. Отыншиев

«31» 06 2018ж



**ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Пән: «Акушерия және гинекология»  
Мамандығы-0301000 «Емдеу ісі»  
Біліктілігі-0301013 «Фельдшер»  
Курс: 4  
Семестр: VII, VIII  
Сағат саны: 130  
Теория:34  
Тәжірибе: 96

Шымкент 2018ж.

*044-34/16(131)*



Акушерлік және гинекология кафедрасы

044-34/

Жұмыс оқу бағдарламасы

2стр. из 12

«Оңтүстік Қазақстан  
медицина академиясы» АҚ



АО «Южно-Казахстанская  
медицинская академия»

Акушерлік және гинекология кафедрасы

044-34/

Жұмыс оқу бағдарламасы

2стр. из 12

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚР ЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрінің 29.07.2016ж №661 бұйрығына сәйкес және ҚР ДС министрінің 05.08.2010ж. №604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Кафедра мәжілісінде талқыланып және мақұлданды.

Хаттама №\_1\_ « 28» 08. 2018 ж

Кафедра менгерушісі м.ғ.к., доцент м.а. *Р.Тлеу* Тлеужан Р.Т.

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің

әдістемелік кеңестің мәжілісінде қаралды және бекітілді.

№ 1 хаттама « 31 » 08 2018ж

Әдістемелік кеңес төрайымы *асф* Джуманкулова Н.Р

Дайындағандар: оқытушы Коптаева А.К

оқытушы м.ғ.м Тулкибаева Р.Н



### Мазмұны

1. Түсіндірме жазба -----	4
2. Пәнді оқытудың жоспарлы нәтижелері -----	5
3. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары -----	6
4. Білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүзеге асыруға қойылатын талаптар-	19
5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау-----	19
6. Ұсынылған әдебиеттер және оқыту құралдары-----	24



### 1. Түсіндірме жазба

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚР ЖМББСмен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрінің 29.07.2016ж №661 бұйрығына сәйкес және ҚР ДС министрінің 05.08.2010ж. №604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

«Акушерия мен гинекология» пәнін оқытудың өзектілігі Қазақстандағы демографиялық жағдай мен денсаулық сақтау жүйесіндегі МСАК-тің (ПМСП) басымдығымен анықталып отыр.

МСАК деңгейінде көрсетілетін медициналық көмектің қол жетімділігін және сапасын, сонымен қатар жүйелілігін арттыру, халықаралық ДДҰ (ВОЗ) стандарттарына сәйкес ана мен балаға арнайы мамандандырылған көмек көрсету, отбасын жоспарлау мен қауіпсіз ана болуды қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру үшін медико-санитарлық алғашқы көмек қызметкерлерін кеңес беру дағдысына баулай отырып, пациент мәселесіне бағытталған фельдшерді дайындау маңызды.

«Акушерия мен гинекология» пәні «Жалпы практикадағы фельдшер» модуліне жатады және «Қауіпсіздік пен сапа», «Денсаулықты нығайтумен» тығыз байланыста оқытылады және келесі бөлімдерді қамтиды:

Пәнді оқыту оқушылардың базалық және кәсіптік құзыреттілігін меңгеруді қарастырады. Оқу курсы бір семестрге жоспарланып, зерделеу сынағы мен аяқталады.

**Пәннің мақсаты:** акушерия-гинекология көмегінің жүйесін білетін, қалыпты және патологиялық өзгерістері бар жүкті әйелдерге алғашқы көмекті көрсете алатын білікті фельдшер дайындау.

**Пәннің міндеті:** әйелдерге медициналық қызмет көрсетудегі профилактикалық

шаралардың принциптеріне, ана мен бала денсаулығын қорғау туралы заңнамалық және нормативті-құқықтық құжаттамаларға, этикалық және құқықтық нормаларды, ауруханаішілік инфекциялардың алдын алуды және жүкті әйелдерге, босанатын және босанған әйелдерге күтім жасау мәселерін білуге аса назар аударылады.

1. **Модуль:** «Жалпы практикадағы фельдшер»
2. **Пәнді оқытудағы жоспарлы нәтижелері**



Стандартта және білім беру бағдарламасында нәтижелер	Типтік оқу бағдарламасында жоспарланған білім берудің нәтижелері
<p>Студент келесі құзыреттіліктерді игерулері тиіс:</p> <p>Базалық:</p> <p>БК-2. Этика</p> <p>БК2.2. Этикалық принциптер:</p> <p>Кәсіптік этикалық қағидаттарын сақтайтынын көрсетеді.</p> <p>БК-3.Коммуникация және командада жұмыс істеу</p> <p>БК 3.1. Коммуникациялық дағдылар: Жағдаяттарды есепке алып, студент әр түрлі адамдармен тиімді қарым- қатынастарын көрсетеді.</p> <p>Кәсіптік:</p> <p>ПК 2. Қауіпсіздік және сапа</p> <p>ПК 2.3. Стандарттар: медициналық қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін студент стандарттарға сәйкес шараларды орындауға міндетті .</p> <p>Клиникалық құзыреттілік</p> <p>ПК 3.1 Студент науқас орталығын пайдалана отырып, оның жақындары мен туыстарының қатысуымен іске асыру</p> <p>-Физикальдік тексеру және сұхбатын қолдана отырып, науқас туралы мәлімет жинайды;</p> <p>-Зерттеу нәтижесін қарап, науқас мәселесін қалыптастырады;</p> <p>-Жоспарды құрастырып; жүзеге асырады;</p> <p>-Науқас күтудің тиімділігін бағалайды</p> <p>ПК 3.2 Оңалту: тиімді еңбекке жарамды ету негізінде науқастың қызметтік қабілеттілігін жақсартады.</p> <p>ПК 3.3. Дәлелденген фельдшерлік тәжірибе</p> <p>Күнделікті қызметінде дәлелденген фельдшерлік тәжірибесін пайдаланады.</p>	<p>Пәнді оқу нәтижесінде студент тиіс:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қауіпті факторларды, гинекологиялық аурудың және акушерлік патологияның клиникалық көрінісін, асқынуларын, аурудың алдын алуын;</li> <li>- Емдеу-диагностикалық шаралар кезіндегі міндеті.</li> </ul> <p>Істей білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- фельдшерлік процесстің барлық сатыларын жүргізу;</li> <li>- алғашқы бағалауды жүргізу, науқастың мәселелерін айқындау;</li> <li>- Фельдшерлік іс-әрекетін жоспарлау;</li> <li>- Алғашқы көмек көрсете білуді.</li> </ul> <p>орындау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоспарланған күтімді жүргізу;</li> </ul> <p>-Күтім бойынша ағында және қорытынды жүргізу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- пациентті диагностикалық шараларға дайындау;</li> </ul> <p>-Жұмыскер мен пациентті жұқпалы аурулардан сақтандыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- акушериялық және гинекологиялық жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету;</li> <li>- Кәсіптік аймағында қан аздық (анемия) және емдеу сұрақтары бойынша жүкті әйелге кеңес беру;</li> <li>-Жедел жағдайда босандырып алу.</li> </ul> <p><b>Қарым-қатынас (тәртіп):</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жүкті әйелді бақылауды жүзеге асырады;</li> <li>- жүкті әйелмен әңгімелесуді дағдыланады;</li> <li>- Жүкті әйелмен сұхбаттасу құпия принциптерін сақтайды;</li> <li>- науқастың және оның жақындарының қиналуын және күйзелісін бөліседі.</li> </ul>

## 2. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары

### 3.1. Тақырыптық жоспар



№	Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Сағат саны	Теориялық сабақ	Тәжірибелік сабақ
	<b>1. Бөлім «Жалпы түсінік»</b>	<b>130</b>	<b>34</b>	<b>96</b>
<b>VII семестр.</b>				
<b>1 тарау. Физиологиялық акушерия</b>				
1.1	Қазақстан Республикасында акушерия-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Акушериядағы деонтология. Акушериялық стационардағы аурулардың алдын алу.	6	1	5
1.2	Әйел жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясы.	6	1	5
1.3	Әйел жамбасы және жамбастың түбі	6	1	5
1.4	Жүкті әйелдер гигиенасы.	6	1	5
1.5	Перинатология негіздері.	6	1	5
1.6	Жүктіліктің физиологиясы. Жүктілік кезінде әйел организмінде болатын өзгерістер. Іштегі нәрестені антенаталдық қорғау.	6	1	5
1.7	Жүктіліктің ерте және кеш мерзімдерін диагностикалау	6	1	5
1.8	Босану. Босанудың басталу себептері. Босанудың клиникалық ағымы. Қауіпсіз ана. Қынап арқылы босанудың технологиясы.	6	1	5
<b>2 тарау. Патологиялық акушерия</b>				
2.1	Іштегі нәресте гипоксиясы. Жаңа туылған нәресте асфиксиясы.	6	1	5
2.2	Босанудан кейінгі кезеңнің патологиялық ағымы.	1	1	-
2.3	Қалыпты босанудан кейінгі кезең. Отбасын жоспарлау.	5	-	5
2.4	Жүктілер гестозы. Ерте және кеш дамидытын гестоздарды емдеу принциптері, босандырып	6	1	5



	алу мерзімдері.			
2.5	Жүктілікпен байланысты аурулар.	6	1	5
2.6	Жүктілік және экстрагениталдық аурулар.	6	2	4
2.7	Жүктілік пен босану ағымының және оларды жүргізудің ерекшеліктері.	6	2	4
2.8	Іштегі нәресте дамуының ауытқулары мен аурулары. Жүктілікті көтере алмаушылық. Ұзаққа созылған жүктілік. Көпұрықты жүктілік.	6	2	4
	<b>Барлығы</b>	<b>90</b>	<b>18</b>	<b>72</b>
	<b>VIII семестр</b>			
2.7	Жамбастың ауытқуы. Нәресте басының шалқайып орналасуы. Нәрестенің көлденең және қиғаш орналасуы	3	3	-
2.8	Босану кезіндегі және босанғаннан кейінгі қан кетулер. Геморрагиялық шок. ДТҚҰ (ДВС) синдром. Қағанақ суының эмболиясы.	5	2	3
2.9	Босану әрекетінің ауытқулары. Нәрестенің жамбасымен келуі	3	3	-
3.0	Босану кезінде және босанудан кейінгі ерте кезеңдерде туындайтын қан кетумен күресудің қазіргі әдістері. Қалыпты орналасқан плацентаның мезгілінен ерте ажырауы. Плацентаның алда орналасуы.	6	2	4
3.1	Босану кезінде және босанудан кейінгі ерте кезеңдерде туындайтын қан кетумен күресудің қазіргі әдістері.	3	-	3
3.2	Босану кезіндегі жарақаттанушылық. Акушериялық операциялар.	6	2	4
	<b>3 тарау. Гинекология</b>			
3.3	Кіріспе. Гинекологиялық аурулармен сырқаттанатын науқастарды тексеру әдістері.	6	2	4
3.4	Әйел жыныс мүшелерінің қабыну аурулары. Әйел адамның репродуктивті қызметінің бұзылуы.	4	-	4
3.5	Әйел жыныс мүшелерінің ісік тәрізді аурулары мен нағыз ісіктері. Гинекологиядағы «іштеспе».	4	2	2
	<b>Барлығы</b>	<b>40</b>	<b>16</b>	<b>24</b>



**Білу керек:**

- Әйел жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясы. Әйел жамбасы. Ұрық басы босану объектісі. Босанудағы алғашқы медициналық жәрдем көрсету.

**Істей білу керек:**

- Қауіпті факторлар, ауру және асқынуларының клиникалық көріністері.

Акушерия және гинекология	Әйел жыныс жүйесінің анатомиясы мен орналасуы анықтамасы.
<b>Құзыреттілік аймағы</b> <b>БҚ-1. Әйел жыныс мүшелерінің анатомиясы</b>	Әйелдің жыныс мүшелерінің анатомиясын талқылау.
<b>БҚ-1.1</b> Жатыр.	-жатырдың жас ерекшеліктеріне байланысты даму ерекшелігін анықтау; -жатырдың топографиялық анатомиясын білу.
<b>БҚ-1.2</b> Жатырдың қанмен қамтамасыз етілуі	-жатырды қанмен қамтамасыз ететін қан тамырларды білу.
<b>БҚ-1.3</b> Жатыр қосалқылары	-аналық бездің анатомиялық орналасуын білу; -жатыр түтікшелерінің анатомиялық орналасуын білу.
<b>Құзыреттілік аймағы</b> <b>БҚ - 2. Жүктілікті жүргізу</b>	- сыртқы акушерлік зерттеу әдістерін жасай алу - ішкі акушерлік зерттеу әдістерін жасай алу - әйелге жалпы зерттеу әдістерін жүргізу
<b>БҚ-2.1</b> Жүкті әйелден анамнез жинау	-жүкті әйелден анамнез жинай алу -жүктіліктің ерте мерзімін анықтау -жүктіліктің кеш мерзімін анықтау
<b>БҚ-2.2</b> ішкі акушерлік зерттеулерді білуі тиіс	- ішкі акушерлік зерттеулерді білу
<b>БҚ-2.3</b> сыртқы акушерлік зерттеулерді білуі тиіс	- жатыр түбі биіктігін анықтай алу -нәрестенің позициясы мен түрін анықтау





	-нәресте басының өлшемдерін анықтау
<b>Құзыреттілік аймағы</b>	-босану жолдарының дайын болуын анықтай алу
<b>БҚ -3. Босану</b>	-толғақты санау білу
<b>БҚ-3.1</b> Босануды жүргізу	- босануды жүргізуге қатысу -босанушы әйелге курация жасау
<b>БҚ-3.2</b> Қалыпты босанғаннан кейінгі кезең	-босанған әйелдерді курациялау
<b>БҚ-3.3</b> Емшекпен емізудің 10 принципі	-босанған әйелдерді емшекпен дұрыс емізуді үйрете біледі
<b>Құзыреттілік аймағы</b>	- іштегі нәресте гипоксиясының негізгі белгілерін анықтауды білу
<b>БҚ -4. Іштегі нәресте гипоксиясы.</b>	
<b>БҚ -4.1.</b> іштегі нәресте гипоксиясының дамуы	-іштегі нәресте гипоксиясына сипаттама беру
<b>БҚ -4.2</b> іштегі нәресте гипоксиясына әкелетін себептер	- іштегі нәресте гипоксиясына әкелетін себептерді түсіндіру
<b>БҚ-4.3</b> Іштегі нәресте гипоксиясын анықтау	- іштегі нәресте гипоксиясын анықтай алу.
<b>Құзыреттілік аймағы</b>	- босанудан кейінгі патологиясы бар әйелдерді курациялауды білу
<b>БҚ -5. Босанудан кейінгі кезеңнің патологиялық ағымы</b>	
<b>БҚ -5.1</b> Босанудан кейінгі қан кетулер	- босану кезіндегі қалыпты қан шығынын анықтай алу - қан кету кезінде алғашқы көмекті көрсете алу - кеткен қан шығынын есептей білу
<b>БҚ -5.2</b> Босанғаннан кейінгі кезеңде дамидын эндометрит	- эндометрит дамуының негізгі себептерін анықтай білу - эндометриттің клиникалық белгілерін анықтай алу - эндометриттің негізгі емдеу әдістерін білу
<b>БҚ -5.3</b> Босанғаннан кейінгі	- сепсиске әкелетін негізгі себептерді анықтай алу - сепсистің емдеудің замануи әдісі



дамитын сепсис	- сепсисің асқынуы кезіндегі ем-шараларды білу
<b>Құзыреттілік аймағы</b> <b>БҚ -6.</b> Жүктілік және экстрагенитальды аурулар	- экстрагенитальды ауруларды анықтай біледі - экстрагениатльды аурулар кезінде дәрі-дәрмектерді дұрыс тағайындай алу
<b>БҚ -6.1</b> Жүктілік кезіндегі бүйрек аурулары	- жүктілік кезінде дамитын бүйрек ауруларының негізгі емдеу әдістерін білуі керек  - емдік терапияны дұрыс тағайындай алу
<b>БҚ -6.2</b> Жүктілік кезіндегі бауыр аурулары	- бауыр аурулары кезіндегі негізгі клиникалық көріністі анықтай білу
<b>БҚ -6.3</b> Жүктілік кезіндегі қан аурулары	- жүктілік кезіндегі қан аздықты анықтайды

### Модульдың спецификациясы

#### Модульдің аталуы: Акушерия және гинекология

Көрсетілетін медициналық көмектің қол жетімділігін және сапасын, сонымен қатар жүйелілігін арттыру, халықаралық стандарттарына сәйкес ана мен балаға арнайы мамандандырылған көмек көрсету, отбасын жоспарлау мен қауіпсіз ана болуды қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру және медико-санитарлық алғашқы көмек қызметкерлерін кеңес беру және дені сау ұрпақ өмірге әкелу.

Іс әрекет	Ептілік	Білім	Ресурстар
<b>БҚ-1.</b> Әйелдің жыныс мүшелерінің анатомиясын білу. Әйелдің жыныс мүшелерінің физиологиялық ерекшеліктерін білу.	Әйелдің жыныс мүшелерінің анатомиялық орналасу ерекшеліктерін көрсету.	- жамбас астауының жыныстық және жас шамасына байланысты құрылысы ерекшеліктері, жамбас өлшемдері;	- анатомиялық «жамбас сүйегі», анатомиялық кестелер, суреттер, фантомдар.



<p><b>БҚ-2.</b> Әйелдің жыныс мүшелерінің физиологиясын талқылау</p>	<p>Әйелдің жамбасы және жамбас түбінің бұлшықеттерін білу.</p>	<p>Жамбас сүйектерінің өлшемдерін білу.</p>	<p>Кестелер, муляждар плакаттар</p>
<p><b>БҚ-3.</b> Босану.  Босану жолдарының дайын болуын анықтай алу;  -толғақты есептеуді білу  -босану әрекетінің басталуын анықтауды үйрену.</p>	<p>Босануды жүргізуге қатысу. Босану кезінде баланың босану жолдарынан өту механизмін айту. Фантомда нәресте басының сырттай, нәресте иығының іштей бұрылысын көрсету.</p>	<p>Босану.  Қалыпты толғақ.  Босану жолдарының ашылуы.  Бала басының кіреберіс жазықтыққа қондырылуы.  Бала басы мен әйел жамбасы-ның сәйкестігі.</p>	<p>Фантомдар  -анатомиялық «жамбас сүйегі», қуыршақтар, плакаттар, суреттер.</p>
<p><b>БҚ-4.</b> Жаңа туған нәресте асфиксиясы.  Жаңа туған нәресте асфиксиясында алғашқы көмек көрсету алгоритмі.  Апгар шкаласы бойынша нәресте жағдайын бағалау.</p>	<p>-Жаңа туған нәресте асфиксиясында алғашқы көмек алгоритмі.  -нәресте асфиксиясы кезінде қолданылатын негізгі реанимациялық шараларды сатылар бойынша көрсету.</p>	<p>- нәресте асфиксиясы.  -асфиксияға әкелетін негізгі себептер;  Асфиксия кезіндегі реанимациялық іс-шаралар.</p>	<p>Электронды тесттер жинағы. Реанимациялық шаралар туралы кестелер, плакаттар.</p>
<p><b>БҚ-5.</b> Нәрестенің көлденең және қиғаш орналасуы.  Леопольд – Левицкий тәсілі бойынша нәрестенің іште орналасуы</p>	<p>- Жүкті әйелдерді сыртқы зерттеуде нәресте орналасу түрін көрсету. -Нәресте көлденең орналасқан жағдайда босандыру амалын шеше білу.</p>	<p>Нәрестенің қиғаш орналасуы;  Нәрестенің көлденең орналасуы;  Қиғаш немесе көлденең орналасу кезінде босандыруды</p>	<p>анатомиялық «жамбас сүйегі», қуыршақ, фантомдар. Суреттер.</p>



позициясы мен түрін анықтау		жүргізу.	
-----------------------------	--	----------	--

### 3.2. Пәннің мазмұны.

#### 1 тарау. Физиологиялық акушерия.

**1.1 тақырып.** Қазақстан Республикасында акушерия-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Акушериядағы деонтология. Акушериялық стационардағы аурулардың алдын алу.

**№1 дәріс (1 сағат).** Қазақстан Республикасында акушерия-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Акушериядағы деонтология. Акушериялық стационардағы аурулардың алдын алу.

**№1 Тәжірибелік сабақ (5 сағат):** Ана қауіпсіздігі. Босанудың клиникалық ағымы мен жүргізуі. Шүйдемен келудің алдыңғы және артқы түріндегі босану биомеханизмдерін оқу. Фантомда қуыршақпен босану механизмін меңгереді. Оқушылар жеке бөлмелерде босануды қабылдауды үйренеді, босануды қабылдауға пакетті дайындайды. Суреттерден, слайдтардан босанатын әйелде босанудың I, II позициясын үйренеді. Перзентханада босанатын әйелді қабылдауға қатысады, босану тарихының құжаттық бөлімін толтырады. Жүкті әйелдің жағдайын анықтайды (артериалды қан қысымын өлшейді, тамыр соғысын санайды). Босанушының сыртқы зерттеуін жүргізеді, жамбасты, іш айналымын, жатыр түбі биіктігін өлшейді. Босанушының жағдайы мен босануды жүргізуді қадағалайды. Туылған нәрестенің өңдеуіне қатысады. Аппар шкаласы бойынша нәресте жағдайын бағалайды.

#### Оқушының түсінігі болуы керек:

- акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруды;
- акушерлік стационарда жұмысты ұйымдастыру.

#### Білу керек:

- жүкті әйелдерді қарауға арналған құрал-жабдықтар
- босануға көмек көрсететін мекемелердің санитарлы-гигиеналық тәртібін
- акушерлік-гинекологиялық құжаттарын

#### Жасай алу керек:

- гинекологиялық әйелдерді зерттеуге арналған құрал-жабдықтарды қолдану;
- құрал-жабдықтарды өңдеу;
- жүкті әйелді қабылдау үшін құрал жабдықтарды дайындау (жүкті әйелді қарауға стерильді үстелді, тонометр, акушерлік стетоскопты дайындау)
- әйелдерден анамнез жинау.

#### 1.2 Тақырып. Әйел жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясы.

Әйелдің өмірінің кезеңдері. Әйелдердің әр жастағы анатомио-физиологиялық ерекшеліктері. Балалық, ювенильді, репродуктивті және перименопаузальді кезеңдерінің ерекшеліктері. Етеккір нейрогуморальдық реттеуші. Сүт бездерінің құрылымы мен гормон тәуелді орган ретіндегі функциясы. Етеккір күнтізбелігін жүргізу.



Әйелдің жамбасының өлшемдері мен құрылымы. Жетілген ұрықтың басының құрылысы, өлшемі.

**№2 дәріс (1 сағат).** Әйел жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясы.

**№2 Тәжірибелік сабақ (5 сағат):**

**Оқушының түсінігі болуы керек:**

- ана мен баланың денсаулығын сақтау жүйесі;
- әр жастағы репродуктивті жүйенің нейрогуморальдық реттелу ерекшелігі

**Білу керек:**

- жасқа байланысты физиологиялық репродуктивті жүйесінің өзгеруі;
- балалық кезеңнің ерекшеліктері;
- ювенильді кезеңнің ерекшеліктері;
- репродуктивті кезеңнің ерекшеліктері;
- перименопаузальді кезеңнің ерекшеліктері

**Жасай алу керек:**

- Аппар шкаласы бойынша жаңадан туылған нәресте жағдайын бағалау
- жаңа туылған нәресте реанимациясының замануи әдістерін қолдануды

**1.3 Тақырып.** Әйел жамбасы және жамбастың түбі

**№3. Тәжірибелік сабақ (5 сағат):**

**№3 дәріс (1 сағат).** «Ана мен бала» бөлмесінде жұмыс істеу. Жарылған емшекке күтім жасау. «Босанудан кейінгі гигиена» және «Маститтің алдын алу» тақырыптары бойынша сұхбат жүргізу. **Отбасын жоспарлау.**

**Оқушының түсінігі болуы керек:**

- босанудан кейін әйелдің ағзасындағы өзгерістер;
- нәрестемен бірге бөлме палатасындағы босанған әйелді орналастыру принциптері;
- босанғаннан кейінгі кезеңдегі асқынулар және олардың алдын алу.

**Білу керек:**

- босанған әйелге күтім жасау принциптері;
- емшекпен емізу принциптері;
- мастит белгілері және оның алдын алу әдістері.

**Жасай алу керек:**

- босанған әйелге нәрестені емшекпен емізуді түсіндіру;
- босанған әйелге маститтің алдын алуды түсіндіру, сүтті сауып тастауға көмек беру;
- сүт бездеріне күтім жасау;
- сыртқы жыныс ағзаларының дәретін жасау;
- тігістерді өңдеу.

**Жүкті әйелдер гигиенасы.**

**1.4 Тақырып.** Жүкті әйелдер гигиенасы.

**№4 дәріс (1 сағат)** Жүкті әйелдер гигиенасы.



**№4 Тәжірибелік сабақ (5 сағат)** жүкті әйелдерді қабылдауға қатысып, жүктілердің жеке карталарын толтырады, анамнез жинайды, әйелдің күй-жағдайын анықтайды (артериальды қысым мен пульсті анықтау), жамбасты, іш айналымын және жатыр түбі

деңгейінің биіктігін өлшеп, тексерілуге жолдама жазып, алмастыру картасын толтырады. Сыртқы зерттеу әдістерін жүргізеді. Жүктілік мерзімін, БДД, босану уақытын анықтайды.

«Жүкті әйел гигиенасы» тақырыбында жүкті әйелдермен кеңес жүргізеді. Жүктілік кезеңде әйелді үміт пен қорқыныш қатар билеп, өзін қиял-ғажайып бір сапарға шыққандай сезінеді. Жаратқанның күдіретімен құрсағында лүпілдеген тірі жанның жетілуі әр ананы мейірім, шапағат секілді сезімдерге бөлей түседі. Жүктілік 16 жастан кіші, 35 жастан асқан әйелдерде ерекше бақылауды қажет етеді. Көктем кезінде жүкті болған әйелдер денсаулығына, тамағының нәрлілігі мен ұйқысының қанық болуына көп көңіл бөлуі керек. Күз мезгілі жүктіліктің ең қолайлы кезеңі десек те болады, адам ағзасында жазда дәрумен қоры жиналып, жүктілікке байланысты өзгерістерге үйренісу көбінесе суық айларда жеңілірек болады. Жалпы жүктілік соңғы етеккір келген күннен бастап орташа есеппен 280 күн, яғни 40 аптаға созылады.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- Жүкті әйелдер гигиенасы туралы.

**Білу керек:**

-жүкті әйелге тазалық туралы кеңес беруге;

- қалыпты жүктілік ағымын білу.

**Жасай алу керек:**

- «Жүкті әйел гигиенасы» тақырыбында жүкті әйелдермен кеңес жүргізе алу.

**1.5 тақырып. Перинатология негіздері.**

**№5 дәріс (1 сағат)** Жүкті әйелдер гигиенасы.

Перинатология туралы негізгі түсінік. Перинатальды патология дамуындағы қауіп қатерлі факторлар. Эмбрион мен іштегі нәрестенің дамуына әсер ететін сыртқы ортадағы факторлар. Фетоплацентарлық жүйе, іштегі нәрестенің жағдайын бағалау. Фетоплацентарлық жеткіліксіздік. Перинаталдық патологиялар, оның алдын алу шаралары.

**№5 Тәжірибелік сабақ (5 сағат)** Сабақ әйелдерге кеңес беру мекемелерінде өтеді. Білім алушылардың жүкті әйелдерді қабылдауға қатысуы: жүкті әйелдердің жеке картасын толтыру, анамнезін жинау, қан қысымын өлшеу, тамыр соғысын анықтау, жамбастың көлемін, іш шеңберін және жатыр түбінің биіктігін өлшеу, тексерілуге жолдама жазып беру, айырбас картасын толтыру. Акушериялық сыртқы зерттеулер жүргізу. Жүктіліктің мерзімін анықтау, СДО, (жүкті әйелдің гигиенасы) тақырыбына сұхбат жүргізуге дайындау.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- Перинаталды өлім құрылымы туралы;



- акушерлік стационарда жұмысты ұйымдастыру.

**Білу керек:**

- жүкті әйелдеді қарауға арналған құрал-жабдықтар
- босануға көмек көрсететін мекемелердің санитарлы-гигиеналық тәртібін
- акушерлік-гинекологиялық контингент құжаттары

**Жасай алу керек:**

- гинекологиялық қарауға құрал-жабдықтарды дайындау;
- құрал-жабдықтарды өңдеу;
- жүкті әйелді қабылдау үшін акушер- гинеколог дәрігерінің жұмыс орнын дайындау;  
(жүкті әйелді қарауға стерильді үстел дайындау, тонометр, акушерлік стетоскоп дайындау)

**1.6 тақырып. Жүктіліктің физиологиясы. Жүктілік кезінде әйел организмінде болатын өзгерістер. Іштегі нәрестені антенаталдық қорғау.**

**№6 дәріс (1 сағат)** Әйел жыныс мүшелерінің құрылымы. Қынаптың тазалық дәрежесі мен флорасы. Жамбас шелмайы мен көршілес ағзалардың (тікешек, қуық, зәр шығару каналы) топографиясы. Кіші жамбас астауында ішперденің жүру жолы. Жатырдың және аналық бездің байламды аппараттары, оның маңызы. Әйел жыныс мүшелерінің қан және лимфа жүйелері. Сүт бездері. Әйел өміріндегі кезеңдер, қалыпты етеккір циклі, әйел организміндегі циклдік өзгерістер, етеккір циклінің нейрогуморалдық реттелуі. Ересек әйелдер жамбасы, жамбас сүйектерінің құрылымы. Әйел жамбасының еркек жамбасынан айырмашылығы. Жамбас бөлімдері. Үлкен және кіші жамбас астауы. Жамбастың сыртқы өлшемдері. Кіші жамбас астауының жазықтықтары және оның өлшемдері, диагональдық және нағыз конъюгатаны анықтау. Жамбастық иілу бұрышы мен оның маңызы. Жамбас түбінің құрылымы. Нәресте басының құрылымы мен өлшемдері.

**№6 Тәжірибелік сабақ (5 сағат)** Әйел жыныс мүшелерінің құрылымын меңгеру. Қынаптың тазалық дәрежесі мен флорасын жағынды алуды бақылау және игеру. Жамбас шелмайы мен көршілес ағзалардың (тікешек, қуық, зәр шығару каналы) топографиясын суреттен көрсете білу. Жатырдың және аналық бездің байламды аппараттары, оның маңызы. Әйел жыныс мүшелерінің қан және лимфа жүйелері. Сүт бездері. Әйел өміріндегі кезеңдер, қалыпты етеккір циклі, әйел организміндегі циклдік өзгерістер, етеккір циклінің нейрогуморалдық реттелуі. Ересек әйелдер жамбасы, жамбас сүйектерінің құрылымын білу.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- Жүктіліктің физиологиясы туралы;
- Жүктілік кезінде әйел организмінде болатын өзгерістерді.

**Білу керек:**

- жүкті әйелдеді қарауға арналған құрал-жабдықтар
- босануға көмек көрсететін мекемелердің санитарлы-гигиеналық тәртібін
- акушерлік-гинекологиялық контингент құжаттары

**Жасай алу керек:**

- гинекологиялық қарауға құрал-жабдықтарды дайындау;
- құрал-жабдықтарды өңдеу;
- жүкті әйелді қабылдау үшін акушер- гинеколог дәрігерінің жұмыс орнын дайындау;



(жүкті әйелді қарауға стерильді үстел дайындау, тонометр, акушерлік стетоскоп дайындау)

### **1.7. тақырып. Жүктіліктің ерте және кеш мерзімдерін диагностикалау №7 дәріс (1 сағат)**

Леопольд – Левицкий тәсілі. Ұрық орналасқан анықтауы 4 тәсілмен жүргізіледі. дәрігер жүкті әйелдің оң жағында тұрады.

Тәсіл – жатыр түбінің биіктігі және ұрық бөлігінің түбінде орналасқан қос қолдын алақаны жатыр түбіне жалғасады, қол саусақтары бір – біріне біріктіреді жамбас сүегі күрделі, жұмсақ және анықталады. Ұрық басы күрделі тығыз болады.

Көлденен және қиғаш орнда жатыр түбі бос болады, күрделі бөлімдері олға және солға кіндігі денгейде мықын сүйек денгейде болады.

Тәсіл – орын, позиция, ұрықтың позициясы, түрі – қол сасақның жатыр түбінен бүйірлік бөлшектерден тұрады. Алақандар беткейнен қол саусақтарымен жатырдың бүйр аймақтарынан бастайды. Ұрықтың қабырғасы тегіс, жұмсақ томпешіксіз анықталады.

Тәсіл – жатқан бөлік кіші жамбастың шығар бөлігі қалындап тесіледі оң қолмен жүргізіледі. Бұл тәсілмен анықтайды.

Дәрігер қол саусақтарымен ортанғы сызықтан латеральды орналасуы. Қол саусақтарының қиғашта отырып орналасуы орны анықтырып. Бас қозғалмайтын болуы мүмкін.

*Жамбасты өлшеу.*

Жамбасты анықтайтын құрал – Мартин тәсілімен жүргізіледі. Зерттелетін әйелге отырып немесе тұрып тазалау аяқтамасын ұстап алып 1 саусақпен ал жатырды 2 саусақпен жүктілігін табады. 3 көлденен өлшемін өлшейді.

1 Distancia spinarum мықын сүйегінің жоғары осі арадағы қашықтық – 25– 26 см.

2 Distancia cristarum мықын сүйегінің өте алшақ қашықтығы 28 – 29 см.

2 Distancia trochaerica - ұршық бастарының ара қашықтығы 30-32см

4 Coniata externa – симфиздің жоғарғы сыртқы қырымен Михаелис ромбысының ойығы – 20-21см.

Жүктіліктің болуының нақты ерте белгілері болып табылады: ХГЧ субъектіндасына оң тест, 7 тәулік өткеннен кейін анықталады (акушерлік мезгілі 3 апта), ал ұрпақтанудан кейін 2 аптасында – ұрықтық жұмыртқаның сонографиялық верификациясы (акушерлік мезгілінің 4 аптасы). Жүктіліктің нақты белгілері болып ұрықтың жатырда болуы: оның қозғалысын анасының сезуі және пальпация кезінде анықталуы, ұрықтың жүрек тонын тындау, ұрықтың бөліктерінің анықталуы, ультрадыбысты зерттеуде ұрықты анықтау.





## №7 Тәжірибелік сабақ (5сағат)

Сабақ әйелдерге кеңес беру мекемелерінде өтеді. Білім алушылардың жүкті әйелдерді қабылдауға қатысуы: жүкті әйелдердің жеке картасын толтыру, анамнезін жинау, қан қысымын өлшеу, тамыр соғысын анықтау, жамбастың көлемін, іш шеңберін және жатыр түбінің биіктігін өлшеу, тексерілуге жолдама жазып беру, айырбас картасын толтыру. Акушериялық сыртқы зерттеулер жүргізу. Жүктіліктің мерзімін анықтау, СДО, (жүкті әйелдің гигиенасы) тақырыбына сұхбат жүргізуге дайындау.

### Білім алушының түсінігі болу керек:

- жүктілікке байланысты әйел ағзасындағы өзгерістер;
- перинатальды ұрықты қорғау;
- дәлелді медицина туралы.

### Білу керек:

- әйелдің жамбасының анатомиясын, кіші жамбастың жазықтықтарын;
- Соловьев индексі, бөксенің сырт өлшемінің параметрін;
- нәрестенің басының құрылысын;
- жүктілік белгілерін;
- жүктіліктің диагностикалық әдістерін;
- әйелдер кеңесіндегі жүктілікті жүргізу ретін;
- жүктінің құжаттарын толтыруды;
- тиімді перинаталды технологияларды;
- жүктінің гигиенасы мен тамақтануын.

### Жасай алу керек:

- жүктілікті анықтаудағы қарапайым тестпен анықтау;
- жүктілік мерзімін анықтау үшін соңғы күннің етеккірі мен ұрықтың бірінші қозғалысын бақылау.
- айнамен жатырды және жатыр мойнын қарау (фантомда);
- бактериоскопиялық зерттеу үшін материал алу (фантомда);
- Соловьев индексін өлшеу;
- сыртқы жыныс мүшелерін қарау;
- сыртқы жамбас өлшемдерін анықтау.
- сыртқы акушерлік зерттеу жүргізу (Леопольд тәсілі);
- іштің айналымын және жатыр түбінің биіктігін өлшеп гравидограммаға түсіру;
- нәрестенің жүрек қағысын тыңдау;
- жүктілік кезіндегі босану, тазалық және тамақтану жайлы сұхбаттасу.

## 1.8. Босану. Босанудың басталу себептері. Босанудың клиникалық ағымы. Қауіпсіз ана.

### Қынап арқылы босанудың технологиясы.

**№8 дәріс (1сағат).** Босанудың кезендері, ұзақтығы, босану күштері. Шүйдемен келудің алдыңғы және артқы түріндегі босану биомеханизмдерін оқу. Ана қауіпсіздігі. Босанудың клиникалық ағымы мен жүргізуі.

**№8 Тәжірибелік сабақ (5 сағат):** Ана қауіпсіздігі. Босанудың клиникалық ағымы мен жүргізуі. Шүйдемен келудің алдыңғы және артқы түріндегі босану биомеханизмдерін оқу. Фантомда қуыршақпен босану механизмін меңгереді. Оқушылар жеке бөлмелерде босануды қабылдауды



үйренеді, босануды қабылдауға пакетті дайындайды. Суреттерден, слайдтардан босанатын әйелде босанудың I, II позициясын үйренеді. Перзентханада босанатын әйелді қабылдауға қатысады, босану тарихының құжаттық бөлімін толтырады. Жүкті әйелдің жағдайын анықтайды (артериалды қан қысымын өлшейді, тамыр соғысын санайды). Босанушының сыртқы зерттеуін жүргізеді, жамбасты, іш айналымын, жатыр түбі биіктігін өлшейді. Босанушының жағдайы мен босануды жүргізуді қадағалайды. Туылған нәрестенің өңдеуіне қатысады. Апгар шкаласы бойынша нәресте жағдайын бағалайды.

**Оқушының түсінігі болуы керек:**

- акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруды;
- акушерлік стационарда жұмысты ұйымдастыру.

**Білу керек:**

- жүкті әйелдерді қарауға арналған құрал-жабдықтар
